

немым свидетелем борьбы казахского народа за свою независимость против джунгарских захватчиков. Поэтому в названной статье на основе устных и письменных источников восстанавливаются исторические события, имевшее место в первой половине XVIII века, излагается борьба казахского народа против джунгарских захватчиков.

Основная задача статьи – систематизировать все сведения о сакральном месте и учитывая мнения ученых, провести научно-теоретический анализ. А также опираясь на собранные мировоззренческие, этнографические, топографические, картографические, устные сведения в воспоминаниях и трудах исследователей и путешественников, определить историко-культурную значимость Калмаккырылгана в отечественной истории.

Ключевые слова: Прииртышский регион. Сакральный объект. Калмаккырылган, батыр Олжабай. Священная пещера.

SACRED GEOGRAPHY OF IRTYSH: KALMAKKYRYLGAN

M. Rakhimov, M. Alpuses

This article discusses the sacred object of the Irtys region «Kalmakkyrylgan» - «The place of death of Kalmyks». This historical and cultural place is a mute witness of the struggle of the Kazakh people for their independence against the Dzungarian invaders. Therefore, in this article, based on oral and written sources, historical events that took place in the first half of the eighteenth century are restored, the struggle of the Kazakh people against the Dzungarian invaders is described.

The main objective of the article is to systematize all the information about the sacred place and, taking into account the opinions of scientists, conduct a scientific and theoretical analysis. As well as relying on the collected worldview, ethnographic, topographic, cartographic, oral information in the memoirs and works of researchers and travelers, to determine the historical and cultural significance of Kalmakkyrylgan in domestic history.

Key words: Irtys region. Sacred object. Kalmakkyrylgan, Batur Olzhabay. Holy cave.

FTAXP: 02.71

Қ.Ж. Қасымбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ «БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа: Бұл мақалада, араб-мұсылман қоғамындағы діни түсініктерге негізделген «Бақыт» ұғымы жайлы мәліметтерді топтастырып, «Бақыт» концептісінің мұсылман қоғамындағы орнын анықтауға талпыныс жасалады. Исламдағы «Бақыт» ұғымының негіздерін және теориялық маңыздылығын талдау барысында Құран мен Хадис мәтініндегі «Бақыт» ұғымы, оның қолданысы, отандық және араб-мұсылман ғалымдардың «бақыт» жайында ойларын келтіреміз. Исламда «Бақыт» концептісі туралы салыстырмалы теориялық зерттеу әдістерін қолданамыз. Ислам дінінде Құран аяттарында келгендей, мұсылман адам осы өмірде білім алып, оған амал етумен қатар, ақыретте «Саъадатул-қусау» шексіз бақытқа қол жеткізу үшін үміттеніп, Жаратушы Алладан дұға етіп сұрау керектігі баян етіледі. Мүміндер дүниелік өмірінен кейін басталатын жаңа өмірге, яғни мәңгілік өмірге сеніп, шынайы өмір мен шексіз бақыттың тек ақыретте ғана болатынына сенімді. Діни мәтіндерде мәңгілік жан мәңгілік бақыттың дәмін татумен ғана бақытты деген мағыналары қарастырылады. Материалдық бақыт адамды шынайы бақытты ете алмайтыны діни түсініктер аясында тұжырымдалады. Ғалымдардың «бақыт» жайлы айтылған ойлары келтіріліп құатталады. Ислам дінінде күнелерді жасаудан ада болып, мәңгілік бақытқа кенетелетіні діни мәтіндер келтіріледі.

Түйін сөздер: бақыт, концепт, ислам, дін, Құран, Хадис, араб, мұсылман, бақытты, рухани құндылық, ойшыл, дүниетаным

Адамзат баласы бақытты болудың жолын ертеден бері іздеп келеді. Әр халық өзінің дүниетанымы мен діни түсініктерінің аясында бақытқа қол жеткізудің жолын сілтейді.

Біз осы мақалада араб-мұсылман қоғамындағы діни түсініктерге негізделген «Бақыт» ұғымы жайлы мәліметтерді топтастырып, «Бақыт» концептісінің мұсылман қоғамындағы орнын анықтауға тырысатын боламыз.

Алдымен «Бақыт» сөзінің араб тіліндегі баламасы мен оның мән-мағынасына тоқталсақ, араб тілінде түбірі «Саъида» (سعد) сөзінен өрбитін «саъа:датун» (سعادة) сөзі – тіліміздегі бақыт ұғымына балама ретінде қолданылады. Бұл сөздің мән-мағынасы жайлы

«Лисан әл-Араб» атты араб тіліндегі танымал сөздікте: «Саъадатун» сөзі «Бақыт», «Бақ» деген мағынаны беретіндігі, бұл сөздің антонимі ретінде «шақа:уа» (شقاوة) «бақытсыздық», «мүшкіл жағдай» мағынасындағы сөз қолданылатындығы жазылған. Араб халқында: «Йаумун саъдун уа йаумун нахс» *يَوْمٌ سَعْدٌ وَ يَوْمٌ نَحْسٌ* «Бір күн – қуаныш, бір күн – қайғы» [14] деген қанатты сөз бар. Осы тіркесте қуаныш сөзі жоғарыда бір келтірген сөзбен түбірлес «сәъдун» сөзімен берілсе, бұл сөзге антоним ретінде «нахсун» сөзі қолданыс тапқан. Бұл негізі қай тілде болмасын жиі кездесетін синоним сөздер немесе бір сөздің көп мағыналығы, оның фразологизмдік қолданысқа түскен кезіндегі ерекшеліктерімен байланысты болатындығын алға тартамыз. Сөздікте келген бұл сөз тіркесі арабтардың дүниетанымдық көзқарасы бойынша күнделікті өмірді бақытты немесе бақытсыз деп топшылайтындығының тілдегі көрінісі ретінде түсінуге болады.

Араб-мұсылман қоғамында адамдардың негізгі шоғыры бақыт жайлы түсінікті діни түсініктермен байланыстырып, рухани болмысын тыныштандыру үшін өз бақытын діни жоралғыларды орындаумен байланыстырып жатады. Яғни, Ислам дінінде бұйырылған парыз бен уәжіп, сүннет пен мустахаб амалдарын уақытында орындап, тақуалыққа бет бұрып, ізгі-сауапты істерін мүмкіндігінше жаратушы Алла тағаланың разылығын табуға тырысып бағады. Барша жақсылық пен жамандық атаулының келіп-келмеуі бір Алладан деп шын сеніп, иман шарттарына барынша мойынсұнған адам, қолынан келмеген, орындауға шамасы жетпеген нәрселерін құдіреті күшті бір Аллаға тапсырып, осының негізінде өз бойындағы мазасыздық, шарасыздық сезімінен арыла алады.

Құран Аллаға сенген мұсылмандар үшін адам өмірі мен бақыт мәселелері бойынша ілімнің барлық негізгі бағыттарын сипаттаған қасиетті кітап саналады. Құран мәтінінде «саъада» («бақыт») сөзі екі орында ғана кездеседі. Алғашқысы «һуд» сүресінің 105 аятында: «Ол күн келсе, Алланың рұқсатынсыз ешкім сөйлемейді. Олардың сорлысы да бақыттысы да бар» (11:105) [21] деген үлгіде қиямет күні бақытты мен бақытсыздың хал ахуалы жайында баяндалса, екінші осы «һуд» сүресінің 108-аятында: «Ал енді бақытты болғандар, жаннаттық болады. Олар жаннатта көктер мен жердің тұруынша мәңгі қалады...» (11:108) [21] деген мағынада шынайы бақыттың «жұмақта» екендігі меңзеледі. Демек, әрбір мұсылман адам бақытты болуын өзінің о дүниелік өмірінде жұмаққа кіруімен байланыстырады. Олар үшін жаман нәрселерден аулақ болып, шаригат әмірлерін орындаса, сонда ғана бақытқа қол жеткізе алады деген пікір қалыптасады.

Десекте түрік зерттеуші ғалым Хасан Йылдыз (Hasan Yıldız) өзінің «Kur'an'da mutluluk» («Құрандағы бақыт») атты зерттеуінде: «Құран мәтінде кездесетін «саъада» сөзі екі түрлі мағынаға қатысты екенін айта кету орынды. Біріншісі, ақиреттегі бақыт, яғни жаннатқа кіру, ал екіншісі, осы дүниедегі бақыт, яғни осы дүниенің рахатын көріп, ешқандай сынақтарды көрмеу деген мағынаны білдіреді» [23], – деген тұжырым жасайды.

«Саъада» («бақыт») сөзінің антонимі болған «шақа:уа» («бақытсыз») сөзі Құран мәтінінде 12 орында, яғни «أشقى، شقيًا، يشقى، شقوا، فتنقى، لتشقى، شقوتنا، أشقاها» деген үлгілерде кездеседі.

Ал енді «бақыт» сөзінің синонимдері жайлы айтар болсақ, әл-Маъани атты сөздікте: «فرح» (фарах), «سرور» (сурур), «مرح» (марах), «ابتهاج» (убтиһаж) [7] сынды сөздер тізбегі берілген. Құран мәтінінде бұл сөздер кейде есім сөз, етістік, жекеше және көпше түрдегі үлгілерінде қолданыс тапқан. Нақтырақ айтқанда, «Фарах» сөзі 21 орында, «сурур» сөзі 3 орында, «марах» сөзі де 3 орында қолданылған.

Бұған дейін ислам ғалымдары дінді сипаттаған кезде дін адамдарға бақыттың жолдарын көрсететін және олардың бақытқа қол жеткізетіндігін білдіретін илаһи заң деп айтқан. Сондықтан ислам ғалымдарының пікірінше бақытты болу үшін діннің өсиеттерін ұстану керек. Себебі ислам жеке адамның бақытына негізделген.

Жоғарыда айтылғандай, «саъада» «бақыт» сөзі Құран мәтінінде тек екі аятта кездессе, мұнан бөлек басқа да аяттарда «тозақ отынан құтылатын, тұра жолмен жүретін» және кейін адам жұмаққа кіргізіліп, жаннат бақшаларында мәңгі қалатын адамды шексіз бақытқа жетелейтін басты нәрсе деген мағынадағы аяттар дәлел бола алады [22].

Ислам дінінде Құран Кәрімнен кейінгі екінші қайнар көзі Мұхаммед пайғамбардың хадистері болып табылады. «Бақыт» жайында түсініктер мынандай хадистерде кездеседі: «Адамның бақытты болуының бір себебі – Алланың үкіміне келісіп бойсыну. Ал, адамның бақытсыз болуы – ол Алладан жақсылық сұрауды тоқтатып, бұйрық етуіне разы болмау» [13]. Осындай хадистерде «бақыт» туралы түсінік араб тілінде бірнеше сөзбен берілген,

келтірілген. Оның ішінде: «туба» طوبى , «саъадатун» سعادة , «фархатун» فرحة , «сурур» سرور , «қуррату әл-ъайн» قرة العين деп тек бір сөзбен ғана емес, бірнеше сөздер арқылы беріліп отырған. Әнәс ибн Мәликтен жеткен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадисінде бақыт сөзі ретінде «туба» طوبى сөзі қолданылған:

طوبى لمن آمن بي و أراني و طوبى لمن آمن بي و لم يرني

«Мені көріп сенетіндер қандай бақытты және мені көрмей сенетіндер де қандай бақытты»[11]. Яғни араб тілінде бақыт сөзінің мұндай алуан түрде кездесуі, Құранның неге араб тілінде түскеніне дәлел бола алады деп ойлаймын.

Адамдар аналарының құрсағында жатқан кезде, бақыт пен бақытсыздық әлеуетімен жаратылады. Өмірінде өзінің қалауы мен іс-әрекеттерінің арқасында адам бақытты да, бақытсыз да болуы мүмкін. Пайғамбарымыз (с.а.с.) келесі бір хадисте:

Саъд ибн Әбу Уаққастан тағдыр - бақытқа байланысты туралы хадисінде:

من سعادة ابن آدم رضاه بما قضى الله له

«Алла тағала үкім еткен бұйрықтарына разы болған адам баласы – бақытты болады»[12], – деген. Демек, Жаратушының бізге бұйырылған әмірлерін орындау және оған разы болу, бақытқа кенелуге нәсіп етеді.

Қиямет күні Пайғамбардың шапағатына кім иеленетін болады деген сұраққа Абу Хурайрадан риуаят етілген хадисте:

أسعد الناس بشفاعتي يوم القيامة من قال لا إله إلا الله خالصا من قلبه أو نفسه

«Қиямет күні менің шапағатыммен ең бақытты адам, Алладан басқа құдай жоқ деп қабылдаған адам болып есептеледі»[17]. «Ең бақытты» деген тіркес барлығына оның шапағатқа риза болатындығы туралы хабарлайды және мүмін бұл тұрғыда ең бақытты адам екендігі егжей-тегжейлі айтылған.

Пайғамбарымыз қиыншылықтарды жеңілдету мақсатында, бақытқа жету үшін ұсынған тәсілдердің бірі – истиғфар айту, яғни кешірім сұрау. Осыған орай, Абдулла ибн Аббастан риуаят еткен бойынша, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) өз хадисінде:

طوبى لمن وجد في صحيفته استغفارا كثيرا

«Өз амал дәптерінен истиғфарды көп айтқандығын тапқан қандай бақытты адам» [16]. Бұл хадис истиғфарды айтып, Алладан кешірім сұрау арқылы бақытқа қол жеткізуді жайында баяндап жатыр.

Жоғарыда айтылған хадистерге мән беріп қарасақ, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) «бақытқа» қол жеткізу үшін, бақытты болу үшін көптеген хадистерді келтірген, оның нақты жолдарын көрсетіп отырады. Осы айтылған хадистердің мақсаты Алланың мейірімімен, Пайғамбардың шапағатымен жәннатқа кіру болып табылады. Адамзат баласының дайындығы мәтіндерде жазылған бұйрықтарды орындау арқылы бақытқа қол жеткізеді. Яғни нағыз бақыттың дәмін татады, шынайы бақытты адам болады. Адамгершілік қасиеттері жоғары адам, оны жетілдіруге тырысқан жеке тұлға бақытқа жете отырып, өмірінің кемелдігін айқындайды.

Мұндай этикалық идеяларды, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Йасауи т.б. сынды орта ғасырлық ойшылдардың шығармаларынан аңғаруға болады. Аталған ғұламалардың шығармаларында «бақытты» білімнің, әділеттіліктің, адамгершілік қасиеттердің мәйегі деп көрсетеді. Ислами құндылықтар мен адамгершілік мәселелерді біртұтас дүние ретінде қарастырады. Орта ғасыр ойшылдарының ілімдерінде Құранда айтылатын қайырымдылық, сүйіспеншілік, сабырлылық, шыдамдылық және тағы да басқа адамгершілік қасиеттерді жетілдіру бақыт ретінде ақиқатты ұғынуға әкелетінін байқауға болады. Яғни ислам діні арқылы әрбір адам Аллаға сыйыну, оның Құранда жазғандарын орындап, ол арқылы бақыттың кілтін табуға болатынын аңғаруға болады.

Бақыт дегеніміз – үлкен, кіші деп өлшенбейтін, керісінше, адамның белгілі бір мақсатқа жету не жетпеуімен, орындалуы не орындалмауымен өлшенетін, адам бойындағы сезімге негізделген қалып саналады.

Қай халықта болмасын бақыт деген не? оның моральдық құндылығы, белгілі бір өлшемі бола ма? деген сұрақтар төңірегінде сан түрлі жауаптар бар екендігі ақиқат. Десек те жалпы адамзат баласы көп жағдайда қол жеткізген қаржысына, салып алған зәулім үйіне, астына мінген соңғы үлгідегі көлігіне, табысты қызметіне т.б. салыстырмалы түрде қарап, өзін бақытты не бақытсыз жандар санатына жатқызады.

Ал ислам діні бойынша бақыт материалдық құндылықтармен өлшенбейді. Оның тамыры терең, ауқымы кең. Ислам бойынша жақсы өмір сүру үшін сенім болу керек. Барлық

мұсылмандар ислам сенімінің негіздеріне (Құдайдың бір екеніне сенім, қайта тірілуге сену және т.б.) сену керек [24]. Ислам – өмірдің барлық (жеке, рухани, экономикалық, әлеуметтік, саяси және отбасы) жақтарын қамтиды. Сондықтан мұсылмандар дінді өмірдің барлық аспектілерінен ажыратуға болмайды деп санайды. Яғни бақыт осы аспектілермен тығыз байланысты.

Жоғарыда айтқанымыздай бақыт туралы сонау ғасырлардан бері толғамаған ақындар, том-том кітап арнамаған ойшылдар аз емес. Соның бірі – екінші ұстаз әл-Фараби. әл-Фараби ислам дініндегі бақыт жайында арнайы трактаттар жазған. Нақтырақ айтсақ, «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жол сілтеу» және басқа да еңбектерінде бақытты этикалық және әлеуметтік-саяси мәселелермен тығыз байланысты қарастырған.

Бақытты алғаш рет жүйелі түрде қарастырған шығыстың ұлы ойшылы философы – Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» (*әл-Мәдинәтул-Фадилә*) атты еңбегінде бақытты «Адамның жаны материалдық қажеттілікке мұқтаж болмай, құзіреттілікке жету» деп анықтама береді. Яғни бақытты адам рухани мықты адам дейді.

Атақты ғалым «Бақытқа жол сілтеу» (Рисалату әт-Тәнбих ала Сәбили ас-Саъада) деп аталатын еңбегінде өмірдегі әр адамның басты мақсаты – бақыт [6] деп, оған жан-жақты түсінік береді. Ойшылдың айтуынша, адамдар нағыз бақыттың қандай болатынын, оның анықтамасын айтқанда қателеседі дейді. Яғни кейде байлық, кейде басқа нәрсені бақыт ретінде көріп, шатасады деп ой топшылайды. Оның мағынасына, түбіне терең бойлап, басты мақсатты нақтылап анықтап алуға шақырады. Әл-Фараби Құран аяттарын жақсы білді және олардың мәнін толық түсінді. Осы түсінудің нәтижесінде жүйенің барлық аспектілері исламның негізгі қағидаларына барып тірелетінін түсінді, оны басқаларға түсіндіруге тырысқан. Осы арқылы әл-Фараби жүйесі адамзат баласын артта қалушылық пен қарабайырлықтан босатып, адамгершілік қасиетке ие болғандардың бақытқа қол жеткізуіне, ғылыми жетістіктеріне жол ашты[9].

Бақыт адам өміріндегі ең маңызды мәселе десек те әлі күнге дейін бақыт жайындағы түсініктер сан-түрлі болып келеді. Адамдар бақытты әрқалай түсінеді, бақыт – байлық, мансап, күш және т.б. да бола алады. Аталған факторлар бақыт деген мағынаны бергенімен, бақыт бұлармен ғана шектелмейді. Ислам діні өз кезегінде бақыттың аталған факторлардың ешқайсысынан туындамайтынын ғалымдар да алға тартады[1].

Бақытты болу дегеніміз – адамдар үнемі ұмтылатын және ешқашан одан бас тартпайтын адамдық бейімділік [18]. Ғалымдардың пікірінше, адамзат тарихында бақытқа жету үшін ең маңызды нәрсе мақсат пен күш-жігердің жұмсалуды болып саналады.

Тарихта пайда болған ой жүйелерінің барлығы дерлік бақыт туралы пікір білдірген. Бақыттың табиғаты мен оған жетудің жолдарын анықтауға да тырысқан. Бақыт ұғымын өздерінің философиялық түсінігіне қарай зерттеп, ой айтқан. Мысалы, моральдық философияны, әсіресе, бақыт концепциясын ежелгі грек философтары да кеңінен қарастырып зерттеген [19]. Философтардың әртүрлі жолмен қабылдаған бақыт ұғымы грек-моральдық философиясының басты мәселесі және грек философиясындағы моральдың «эудаимонистік» сипатқа ие екендігін көрсетеді.

Ертедегі грек философтарынан Демокритке (Б.з.д. IVғ.) дейін қабылданған және бақытты адам мінез-құлқының соңғы мақсаты деп санаған түсінік философия тарихында әртүрлі формада пайда болған. Осы түрлі формаларда бақыт туралы түсінік кейде гедонизм формасына енеді, кейде ол ізгілікте мен анықталады, кейде прагматикалық сипатқа ие болады, ал кейде тәжірибе мен эксперименттер арқылы жүзеге асады [8].

Ежелгі грек философтарының ішінде Платон мен Аристотельдің моральдық түсінігі жағынан ислам философтарын азды-көпті бұрмалаған. Бұл әсер олардың моральдық түсінігін ашып қана қоймай, оны бақыт пен табиғатқа деген көзқарастарын да айқын көрсеткен.

Бірінші ислам философы ретінде саналатын Юсуф ибн Исхақ әл-Киндидің пікірі бойынша, «Ізгілікке барар жол – нәпсі мен қалауларды тыю арқылы жүзеге асады. Себебі, әр нәрсені қалай беру жақсылыққа алып бармайды». Әл-Кинди жағымсыз деп саналатын заттар мен біздің сезімдерімізге ұнамды талғамдардың ақылдың қолдануға кедергі келтіретінін айтқан [әл-Кинди 1994,716].

Адамның мақсаты – ең жоғарғы бақытқа жету болғандықтан, адамға бақыттың не екенін білу және оған жету үшін не істеу керектігі туралы нұсқаулық қажет. Ибрахим бин Хамд әл-Қаъид өзінің «Бақытқа жетудің жеке нұсқаулығы» атты еңбегінде: «Бақыт» дегеніміз - Алла тағала жаратқан рахаттану, қанағаттану сезімдерінің психологиялық жағдайы және адам өмір бойы жалғасып жүретін Раббысымен қарым-қатынасының көрсеткіші болып саналады» [Ибрахим 2015, 376] дейді.

Мысырлық жазушы, лингвист Мухаммад Ахмад Жад әл-Маулә өзінің «әл-Халқ әл-Камил» атты еңбегінде: «Бақыт» дегеніміз – жан тыныштығы, яғни жүректің тазалылығы мен ар-ұжданның тірі болуы» деп айтады. Және дәл сол еңбегінде: «Бақыт – қанағат, ал қанағат – бұл бақыт» [Мухаммад 2014, 2296] деп бақыттың бір кілті қанағат екенін ашып көрсетеді.

Парсы философы Абу Али Ахмед Ибн Мискауайһ бақытты «барлық нәрселерден ең тәтті, ең жоғары, ең қымбат және айқын» деп сипаттаған. Бұл өте қарапайым сезім және ол жануарлар ләззаттарынан ерекшеленеді. Ол өзінің ақыл-парасатынан жоғары, білім және даналықпен ғана қол жеткізуге болатындығын және ең жоғары бақытқа Жаратушыға өліммен жету арқылы қол жеткізуге болатындығын алға тартты [Чаърыжы 2011].

Ғазалидің пікірінше, мақсат жақсы болуы үшін оның хош иісі мен сұлулығымен қатар пайдасы да болуы керек. Егер әрекет оның үшеуін қамтыса, абсолютті бақыт болмайды. Екінші жағынан, барлық игі істердің түпкі мақсаты және оған барлық игіліктерге бағытталған ең үлкен бірлік – бұл ақыреттегі бақыт дейді. Ғаззали, басқа ислам философтары сияқты, ғылым мен даналық барлық басқа ләззаттардан жоғары деп тұжырымдады. Оның айтуынша, ақыл ләззаты ең үлкен бақытқа әкеледі дейді. Ең басты бақыт – бұл рухани бақыт [Алтынташ 1999]. Мұндай бақытқа тек илаһи ақиқат арқылы жетуге болады.

Мақалада ислам дініндегі «бақыт» ұғымына ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдау жасалынады. Исламдағы «бақыт» ұғымының негіздерін және теориялық маңыздылығын талдау барысында ғылыми *инструмент* ретінде салыстырмалы теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Сонымен қатар зерттеу жасау кезінде шетелдік және отандық зерттеуші авторлардың еңбектеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ой пікірлерін ғылыми негіз және дереккөз ретінде ұсынылады. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері арқылы талдау жасалынады.

Біздің әлемдегі және ақиреттегі бақыт бір-бірімен тығыз байланысы бар. Шынында да барлық самауи діндер осы дүниені және ақыретті қамтамасыз ету үшін жіберілген деген сенім қасиетті кітаптарда көрсетілген. Сонымен қоса, бұл мәселені діндердің жақтаушылары насихаттап, екі өмірде де бақыт арасындағы тығыз байланысты арттырады.

Бұл өмірде адам алатын ләззат, философтардың айтуы бойынша «салыстырмалы бақыт». Егер абсолютті және салыстырмалы деп аталатын бақыт әлемі ақырет бақытына жетелемесе, ол салыстырмалы бақытты алдамшы және уақытша түріне жатқызылады [Al-İsfahani 1983]. Ақыретте бақыт әкелетін сипаты болса, онда бақыт оның абсолютті атағына айналады. Және бұл бізге бақыттың дүние мен ақыретті қоршап тұратын сипаты бар екенін көрсетеді. Дүниелік өмірден кейін басталатын және мәңгілікке жалғасатын екінші өмір деген мағынаны білдіретін ақырет, Құранда әр түрлі формада 110 астам жерде келеді.

Мүміндер дүниелік өмірінен кейін басталатын жаңа өмірге сенеді. Бұл мәңгілік өмір болғандықтан, олар шынайы өмір тек ақыретте ғана болатынына сенімді. Себебі, мәңгілік жан мәңгілік бақыттың дәмін татумен ғана бақытты. Материалдық бақыт жанды бақытты ете алмайды, өйткені олар уақытша болудан алыс емес.

Құран Кәрім ғаламның жаратылуына және адамның жер бетіне жіберілуіне дүние тіршілігі уақытша және бір емтихан екенін хабарлайды. Адамдар осы өмірде бекер жаратылмаған, олар дұрыс жолды тауып, мәңгілік бақытқа жету үшін пайғамбарлар арқылы жіберілген илаһи хабарларға жүгінеді. Илаһи хабарлар адамға өзінің таза табиғатына сай әрекет етуге және кейде тұра жолдан алыстап кетпеуге көмектеседі.

Ақыретте көрінетін дүние өмірінде жасалынған істердің балансында ақыретте бақыттың немесе бақытсыздықтың жалғыз себебі болады. Ақыретте бақытқа қол жеткізудің маңызды мәселесі – бұл әлем өмірінде жасалған жұмыстардың нәтижесі. Осы себепті «білім», яғни болмыс туралы ақпарат ақыретке жетуде бірінші орын алады. Осыған қатысты Абу Хамид әл-Ғазали «Күллі адамдар бұрыннан қалаған нәрсе ол бақыт, білім және іс-әрекет» дейді. Демек ойшыл бақытқа жету барысында ғылымның басымдылығын айқын көрсетеді [Чамбиби 1983].

Ақырет бақытына, білімді іс амалға байланыстыру арқылы ғана жету мүмкін. Іс-әрекет ғылымның тәжірибесі болғандықтан, практикасы ғылымнан бір қадам алда. Алайда ғылым істің алғашқы қадамы екенін ұмытпаған жөн. Ғылым – бұл бақыт теориясы, ал іс – бұл оның тәжірибесі. Қызығушылық пен ойлану арқылы алынған білім адамдарға бақытқа апаратын жолды және оны тудыратын мүмкіндікті көрсетеді, сонымен қатар ол практикада жетекші фактор ретінде әрекет етеді [Мискауейх 1983].

Бұл дүниеде және ақыретте бақытқа қол жеткізе алатын жалғыз тіршілік иесі көркем мінез-құлқы бар адам [әл-Исфяхани 1983]. Дәл осы қасиетіне байланысты оған әлемге де, ақыретте де «хасанат» (жақсылық) беруін сұрап дұға жасау ұсынылады.

Дүниелік өмірде жасалынған амалдар өте маңызды. Жәннатқа кіріп бақытқа жету үшін, шариғатпен харам етілген үлкен күнәлардан аулақ болуымыз керек. Кейбір үлкен күнәларды тізіп айтатын болсақ, ұрлық жасау, ата-анаға қарсы келу, зина жасау, пара алу, ғайбаттау, пайызға ақша алу және беру. Аталған үлкен күнәлар осы өмірде жасалынатын болса, ақыретте бақытсыздыққа ұшырап, жәннат бақшаларына кіре алмайды. Нәтижесінде, ислам дінінде Құран аяттарында келгендей, мұсылман адам осы өмірде білім алып, оған амал етумен қатар, ақыретте «саъадатул-қусау» шексіз бақытқа қол жеткізу үшін үміттеніп, Жаратушы Алладан дұға етіп сұрау керек.

Бақытты болудың жалғыз факторы – адамның өмірі мен тәжірибесі, адамның өзі – бақыттың қайнар көзі.

Әдебиеттер

1. Абдел Насир Юсуф Абде & Кахри Салих. 'The literature of Happiness "with reference of the Philosophy of Happiness in Islam"'. Journal of Islamic Studies and Culture. Vol.3, – No.2 – 2015. – pp.179-194.
2. Әл-Исфяхани Р., 'Мутлулуун казанылмасы', ауд. Лутфи Доган, Бахар баспасы. Стамбул, 1983. – 59 б.
3. Әл-Исфяхани Р., 'Мутлулуун казанылмасы', ауд. Лутфи Доган, Бахар баспасы. Стамбул, 1983. – 109-110 бб.
4. Алтынташ Х. 'Ислам Ахлақы, Акчаг баспасы Анкара, 1999. – 340 б.
5. Абу Жүсіп әл-Кинди. 'Фелсефи Рисалелер' ауд. Махмут Кайя, Із баспасы үйі Стамбул, 1994. – 71 б.
6. Әбу Наср Мухаммад әл-Фараби. 'Рисалатут – Танбиһ әла Сәбилис-Саъада', Маншуратуль-Жамиъа әл-Урдуния. Амман, 1987. – 177 б.
7. Әл-Маъани сөздігі. 'Бақыт сөзінің синонимдері' [электрондық ресурс] URL <https://www.almaany.com/ar/thes/ar-ar/بِسْعَادَة/>
8. Бедиа А., 'Ахлақ Ойретлери', Стамбул, 1970. – 21 б.
9. Бурхан Улутан. 'Фараби Фелсефеси', Стамбул, 2000. – 32 б.
10. Жад әл-Маулә М. А., 'Әл-Халқу әл-Камил',. Муассасату ар-Рисалә –Бейрут, Дар Құтайба – Дамаск, 1-том, 2014. – 229 б.
11. Зәхәби Әбу Абдулла Мухаммед бин Ахмед 'Мизан әл-Иътидәл', Дәр әл-Кутуб әл-Ъилмия,Бейрут, 2- том, 1995. – 496 б.
12. Зәхәби Әбу Абдулла Мухаммед бин Ахмед, 'Әл-Кашиф фи маърифати мән ләху Риуаятун фи әл-кутуб әс-ситтә', Дәр әл-Қиблә, Джидда, 2-том, 1992. – 166 б.
13. Әбу Мухаммед б. Иса, 'Сунән Тирмизи, 'Кадар', Чаъры баспасы, Стамбул, 1992. – 15 б.
14. Ибн Мансур, 'Лисан әл-Араб'. 3-том. Бейрут, 2008. – 214 б.
15. Ибрахим б. Х. әл-Қаъид. 'Далилука аш-шахси илә ас-саъада', 2015. – 37 б.
16. Ибн Мәжа, 'Әдеп', 57. 'Мисбах аз-Зажаж ала Сунән ибн Мәжа', Дар ал-Арабия, Бейрут, 4-том, 1983. – 134 б.
17. Ибн Хажар әл-Асқалани, Фәтх әл-бари Бухари, 'Білім', 33, 'Риқак',51; Ахмад, Муснәд, 2-том, 2008. – 373 б.
18. Кадемоглу М. Р., 'Саадет', Шамиль Ислам Ансиклопедиси, Стамбул, 1992. – 297 б.
19. Қылыч Р., 'Ахлақын Дини Темели', Түркияның діни қоры баспасы, Анкара, 1992. – 2 б.
20. Мискауех А.А., 'Ахлақын Олгулаштырылмасы', ауд. Кайяоглу И., Мәдениет министрлігі баспасы, Анкара, 1983. – 72 б.
21. Халифа А. 'Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі'. Алматы, 2000, – 476 б.
22. Хасан И. 'Куранда мутлулук (Магистрлік диссертация)' Анкара, 1997. – 5 б.
23. Хасан И. 'Куранда мутлулук (Магистрлік диссертация)' Анкара, 1997. – 141 б.
24. Хамдан, А. 'A case study of a Muslim client: Incorporating religious beliefs and practices', Journal of Multicultural counseling and development, 35(2), 2007. – 92-100 бб.
25. Чаърыжы М, "Саадет", Исламдық діни энциклопедиясы, 35/321; Зия Кескин, Ибн Мискавейхин мутлулук анлайышы, (Магистрлік диссертация, Эрджиес университеті, Өлеуметтік ғылымдар институты, Кайсери) 2011. – 105-107 бб.
26. Чамбиби Н.М., 'Шахсиет Тербиесі ме Газали', Стамбул, 1983. – 236 б.

КОНЦЕПТ «СЧАСТЬЯ» В РЕЛИГИИ ИСЛАМ

К.Ж. Касымбаев

В этой статье, мы попытаемся глубже изучить что такое концепт «счастье» на основе религиозных концепций в арабо-мусульманском обществе и определить место понятия «счастье» в мусульманском обществе. Анализируя основы и теоретическую значимость понятия «счастье» в исламе, цитируя из текстов Корана и Хадисов, тем самым объясняя значение «счастье» и его роль. Также взгляды отечественных и арабо-мусульманских ученых о «счастье». Мы используем методы сравнительного теоретического исследования понятия «счастье». Согласно стихам Корана и хадисов в исламе, мусульманин должен не только учиться и практиковать в этой жизни, но и молиться Аллаху в надежде достичь бесконечного счастья в будущей жизни. Верующие верят в новую жизнь, которая начнется после мирской жизни, то есть вечную жизнь, и верят, что настоящая жизнь и бесконечное счастье обретет только в будущем. В религиозных текстах это означает, что вечная душа счастлива только вкусом вечного счастья. Говорится, что религиозный человек знает, что материальное счастье не может сделать человека счастливым. Цитируются и подтверждаются слова ученых о «счастье». В исламе религиозные тексты утверждают, что не совершающий грехи человек достигает вечного счастья.

Ключевые слова: счастье, концепт, ислам, религия, Коран, Хадис, арабский, мусульманин, счастливый, духовная ценность, мыслитель, мировоззрение.

CONCEPT OF "HAPPINESS" IN ISLAM RELIGION

K. Kassymbayev

In this article, we will try to study more deeply what the concept of "happiness" is based on religious concepts in the Arab-Muslim society and to determine the place of the concept of "happiness" in the Muslim society. Analyzing the foundations and theoretical significance of the concept of "happiness" in Islam, quoting from the texts of the Koran and Hadith, thereby explaining the meaning of "happiness" and its role. Also, the views of domestic and Arab-Muslim scholars about "happiness." we use methods of comparative theoretical research of the concept of "happiness". According to the verses of the Qur'an and Hadith in Islam, a Muslim must not only learn and practice in this life, but also pray to Allah in the hope of achieving endless happiness in his future life. Believers believe in a new life that begins after worldly life, that is, eternal life, and they believe that real life and infinite happiness will only be found in the future. In religious texts, this means that the eternal soul is happy only with the taste of eternal happiness. It is said that a religious person knows that material happiness cannot make a person happy. The ideas of scientists about "happiness" are quoted and confirmed. In Islam, religious texts state that one is free from sins attains eternal happiness.

Key words: happiness, concept, islam, religion, Quran, Hadith, arabic, muslim, happy, spiritual value, thinker, worldview.

FTAXP: 03.29

А.М. Мамырбеков¹, Ұ.Б. Тлемисов², Ж.М. Тлемисова¹

¹Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗЕҢІНДЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ҰЛТТАРДЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа: КСРО халықтарының жер аударылуы, соның ішінде ұлттардың күштеп көшірілу тарихы туралы сөз қозғау, бұрындары тыйым салынған «қауіпті» тақырып болды. Бұл зерттеу жұмысында 20 ғасырдың ортасындағы Қазақстанға депортацияланған ұлттардың тарихын зерттеу әсіресе поляк ұлтының Шығыс Қазақстан облысына (ШҚО) қоныстануы үрдістері мен кезеңдері қарастырылған. Шығыс Еуропаның батыс бөлігінен депортациялау кезінде поляктардың жылжымайтын мүлігі, құралдары мен малдары Ресейдің жергілікті өкімшілігіне акт бойынша берілді. Сонымен қатар поляктардың балаларының Қазақстанның барлық аймақтарына жөнелтілгендігі, олардың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайы зерделенді. Сонымен қатар Поляктардың депортацияға ұшырау себептері мен сипаты қарастырылып, ШҚО келу тарихы мен кезеңдері көрсетілген. Сонымен бірге, зерттеуде, XX ғасырда Шығыс Қазақстандағы поляк диаспораларының қалыптасуы, олардың депортацияға ұшырауы және әлеуметтік жағдайы, демографиялық, миграциялық қозғалысы, мәдени дамуы қарастырылған.